



ЖЕКЕ МЕНШІК КЛИНИКАДА ЕМДЕЛГІМ КЕЛЕДІ

Емхана МСҚ-ның қызмет көрсетуші клиникалар тізімінде болса

Көрсетілетін қызмет мемлекет тарапынан кепілдік берілген тегін қызметтер қатарына енген болса

Сіз жеке меншік клиниканың қызметін тегін пайдалана аласыз

МЫСАЛЫ



Кішігірім ота жасату қажет болды

Мысалы, холецистектомия (өт қабын алдыру)

Жеке меншік клиниканы таңдадыңыз

Ақша төледіңіз

Сіз таңдаған клиника МСҚ-мен стационарлық қызмет көрсету туралы келісім бекіткен болып шықты. Сондықтан бұл ота кепілдендірілген медициналық көмек пакеті шеңберінде тегін жасалады

Ендеше, ақшаны текке жұмсадыңыз

Жеке меншік клиникада тегін емделу үшін сіз міндетті түрде сол жерге тіркелген болуыңыз шарт

АҚЫЛЫ КЛИНИКАҒА ТІРКЕЛГЕНДЕ ҚАНДАЙ КӨМЕК ТҮРЛЕРІН ТЕГІН АЛУҒА БОЛАДЫ

Қажетті салалық мамандардың қабылдауында болу, консультация алу

Көрсетілімдер бойынша емдеу, манипуляциялар мен процедуралар

Дәрігер жолдамасы бойынша күндізгі стационар қызметін пайдалану

Көрсетілімдерге сәйкес, маман жолдамасы бойынша жасалатын зертханалық-диагностикалық қызметтер

Жалпы практика дәрігерінің, участкелік терапевт пен педиатрдың қабылдауында болып, консультация алу

Жүкті әйелдерді қарау

Нысаналы топтарға арналған профилактикалық тексерулер (скринингтік зерттеулер)

Балалар, соның ішінде жаңа туған сәбилерді қарау

Кей жағдайларда жеке меншік клиникалар аталған қызметтерді толық көрсете алмайды. Сондықтан пациентті өзге медицина ұйымына жібереді.



Пациент өміріне қауіп төндіретін өткір аурулар кезінде, созылмалы сырқат асқынған жағдайда ШҰҒЫЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК кез-келген медицина ұйымында, соның ішінде жеке меншік клиникада да ешбір кедергісіз әрі тегін көрсетіледі.

МЫНАДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ҚЫЗМЕТ ТЕК АҚЫЛЫ ТҮРДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ



Стандарттан тыс, мейлінше қолайлы жағдай жасалған (бөлек палатада, теледидары т.б. бар) палатада емделгісі келгенде



Дәрі-дәрмек формулярына енгізілмеген дәрімен емдегенде



Кепілдендірілген тегін көмек пакетіне кірмейтін медициналық зерттеу түрлерін жүргізгенде



Жолдамасыз санаторлық ем қабылдағанда



Тиісті көрсетілімсіз генетикалық зерттеулер жүргізгенде



Оқуға түскісі келетін немесе жұмысқа тұрғысы келетін азаматтарды медициналық тексеруден өткізгенде



Пациент дәрігер жолдамасынсыз, бөлек процедураларды қабылдағысы келсе

ЕГЕР ТИІСТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ТЕГІН АЛА АЛМАСАҢЫЗ

Қордың халықпен жұмыс жөніндегі департаментіне хабарласыңыз



МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ

www.fms.kz

8 7172 647 023

vopros@fms.kz